

Boeing 767-200 ER әуе кемесін сатып алу мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 6 желтоқсан N 1814

"Kazakstan Airlines" ашық акционерлік қоғамының Boeing 767-200 ER әуе кемесін сатып алуы мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Kazakstan Airlines" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Заем алушы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 P981389_ қаулысымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялар бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру ережесінің талаптарына сәйкес экономикалық сараптама жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне "Kazakstan Airlines" ашық акционерлік қоғамының Boeing 767-200 ER ұшағын сатып алу инвестициялық жобасының техника-экономикалық негіздемесін тапсыру ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

тартылған мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерді Заем алушының орындауын қамтамасыз ету ретінде кредиторға "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z990473_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 қарашадағы Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктерді беру лимиті шегінде жалпы сомасы 35 000 000 (отыз бес миллион) АҚШ долларына Қазақстан Республикасының мемлекеттік к е п і л д і г і н б е р с і н ;

көрсетілген мемлекеттік кепілдіктің берілуіне байланысты оның Қазақстан Республикасының алдында туындайтын міндеттемелерін қамтамасыз ету туралы Заем алушымен тиісті келісімдер жасассын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1899 қаулысымен. P 0 0 1 8 9 9 _

3. Заем алушы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік кепілдікті алуға үміткер тұлғаларға қойылған талаптардың орындалуын қамтамасыз етсін.

4.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.12.30. N 1963 қаулысымен.

P 0 0 1 9 6 3 _

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.27. N 1899
қаулысымен.

Р 0 0 1 8 9 9 _

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.